

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Байғанин ауданының білім бөлімі»  
мемлекеттік мекемесінің «Рауан» бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік  
коммуналдық қазыналық кәсіпорынының аттестация қорытындысында  
анықталған кемшіліктерді жоюдың орындалу  
АНЫҚТАМАСЫ

2023жыл, қыркүйек

## Анықтама

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Байғанин ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Рауан» бөбекжай-балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының 2023 жылғы 10 мамырдан - 15 мамырға дейінгі кезеңде жүргізілген мемлекеттік аттестация қорытындысында анықталған кемшіліктерді жою барысы туралы:

**1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының 9.3 тармағы талабына сәйкес келмейді, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» 1 тарауының 9 тармағы (Білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарактандыру нормаларын бекіту туралы) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығы талаптарына сәйкес бес дағдыны дамытуға арналған оқу және ойын материалдар бойынша мәлімет ұсынылмаған.**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» 1 тарауының 9 тармағы (Білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарактандыру нормаларын бекіту туралы) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығын басшылыққа ала отырып балабақша қажетті жабдықтармен және жиһазбен қамтылып отыр.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы негізінде балабақшамызға арнайы жабдықталған «Жеті ойыншық» кабинеті заманауи инновациялық дамытушы ойындар, құрастырмалы ойындар, дидактикалық ойындар, таратпа материалдар, яғни заттық кеңістік ортасы жабдықталған бөлмеде оқу қызметі ойын түрінде өткізіледі және музыка залының бұрышына арнайы ұлттық құндылығымызды балалардың бойына сіңіру мақсатында қазақи КИІЗ ҮЙ құрылып, салт-дәстүрімізге байланысты ескі жәдігерлермен толықтырып отырмыз.

Сонымен қатар физикалық қасиеттерді, коммуникативтік дағдыларды, танымдық және зияткерлік дағдылары, шығармашылық дағдылары мен зерттеу іс-әрекетін дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын дамытуға арналған ойын және оқу материалдары туралы мәліметтерді мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес ыңғайлы және қауіпсіз пәндік-кеңістіктік дамыту ортасын құру үшін балабақша педагогтары жоғарыда көрсетілген оқу және ойын ресурстарын (материалдар, ұсынылатын жабдықтар мен жиһаз) пайдаланады және ойын ресурстары мен құрал-жабдықтарының тапсырыс беру арқылы алынған шот-фактураларының көшірмелері ұсынылды.

Web-сайт: [http://sad-rauan.baiganin-roo.edu.kz/kz/?site\\_alias=sad-rauan](http://sad-rauan.baiganin-roo.edu.kz/kz/?site_alias=sad-rauan)

**2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары»**



1 тарауының 10 тармағы 1 тармақшасы (Мектепке дейінгі ұйымдарда ата-аналарының (заңды өкілдерінің) мүдделері ескеріле отырып, ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілерді тәрбиелеу мен оқыту талабына сәйкес ерекше білім беруді қажет ететін тәрбиеленушілерге құрылған жеке оқу бағдарламасы, 1 тарауының 2 тармағының 6 тармақшасына сәйкес баланың даралығы мен субъективтілігін қолдауға бағытталған өзгеретін ойын және тақырыптық зоналарды (аймақтарды), инклюзивті дамыту ортасын құру бойынша мәліметтер берілмеген.

Мекеменің педагогикалық ұжымын кәсіби дайындау мақсатында ерекше білімді қажет ететін балалар үшін ұйымдастырылған арнайы курстардан өткізу жұмыстары жоспарланып отыр. «Білім берудің инклюзивтілігін қамтамасыз ету» тақырыбында тәрбиеші С. Ұзақбай курстан өтті. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілерге психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету мақсатында кіре беріс есік алдына арнайы пандус жасалынған. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» 1 тарауының 10 тармағы 1 тармақшасы (Мектепке дейінгі ұйымдарда ата-аналарының (заңды өкілдерінің) мүдделері ескеріле отырып, бейімделген бағдарлама бойынша білім беруді қажет ететін 4 (төрт) тәрбиеленуші болатын. Алайда 5 жасқа толуларына байланысты Марат Айбын. (05.06.2023 жылғы №9 бұйрық көшірмесі), Мыңтұрған Ясина (09.06.2023 жылғы №10 бұйрық көшірмесі) балабақшадан шығарылды. Машариков Абылай психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациясынан 2023 жылдың 04 мамырында қайта тексеруден өтіп бейімделген бағдарламаны құруды қажет етпейді деген қорытындысын тапсырды (қосымша ПМПК қорытындысының көшірмесі жалғанды). Ал, Бөкенбай Аянұрды ата-анасының өтініші негізінде балабақшадан шығарылды (31.08.2023 жылғы №15 бұйрық көшірмесі). Инклюзивті дамыту ортасын құру бойынша туралы мәліметтерді балабақша сайтында ұсынылды.

**Web-сайт:** [http://sad-rauan.baiganin-roo.edu.kz/kz/?site\\_alias=sad-rauan](http://sad-rauan.baiganin-roo.edu.kz/kz/?site_alias=sad-rauan)

**3. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» 1 тарауының 7,8 тармақтары талаптарына жас ерекшелігі екі түрлі және жас ерекшелігі бір қағидасы бойынша сәйкес келмейді.**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» 1 тарауының 7,8 тармақтары талаптарына жас ерекшелігі екі түрлі және жас ерекшелігі бір қағидасы бойынша топтар қайта қаралып жасақталды. Толық мәліметтер ұлттық білім беру деректер қоры (НОБД) бойынша ұсынылды.

**Web-сайт:** [http://sad-rauan.baiganin-roo.edu.kz/kz/?site\\_alias=sad-rauan](http://sad-rauan.baiganin-roo.edu.kz/kz/?site_alias=sad-rauan)



**4. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» 2 тарауының 25 тармағы бойынша (7 педагогтың жыл сайын медициналық зерттеп-қараудан өтуі туралы мәліметі 2 қосымшамен берілген кестеде көрсетілмеген) талаптарына сәйкес келмейді.**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» 2 тарауының 25 тармағы бойынша 2 қосымшадағы берілген кесте бойынша мәліметтер толықтырылып балабақша сайтына ұсынылды.

**Web-сайт: <http://sad-rauan.baiganin-roo.edu.kz/kz/?site alias=sad-rauan>**

**5. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының 9.6 тармағы талабына сәйкес келмейді, сол кезде қолданыста болған Қазақстан республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 4 тарау, 17-тармағына сәйкес келмейді, өйткені қорытынды мониторинг индикаторлары талапқа сәйкес құрастырылып жүргізілмеген.**

2022-2023 оқу жылының мамыр айындағы «Балбала» кіші топ, «Қарлығаш» ортаңғы топ, «Нұршуақ» ересек топ тәрбиеленушілерінің мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасын игеру бойынша қорытынды мониторинг индикаторлары талапқа сәйкес жүргізіліп, веб-сайтқа жарияланды.

**Web-сайт: <http://sad-rauan.baiganin-roo.edu.kz/kz/?site alias=sad-rauan>**

**6. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының 9.5 тармағы талабына сәйкес келмейді, сол кезде қолданыста болған Қазақстан республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 4 тарау, 17-тармағына сәйкес келмейді, өйткені өткен екі оқу жылында бастапқы мониторингтің индикаторлары талапқа сәйкес құрастырылып жүргізілмеген.**

2023-2024 оқу жылының қыркүйек айында «Балбала» кіші топ-20 бала, «Қарлығаш» ортаңғы топ-25 бала, «Нұршуақ» ересек топ-25, барлығы 70 тәрбиеленушілерге мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасын игеру бойынша бастапқы мониторинг индикаторлары талапқа сәйкес жүргізіліп, веб-сайтқа жарияланды.

**Web-сайт: <http://sad-rauan.baiganin-roo.edu.kz/kz/?site alias=sad-rauan>**



АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ  
БАСҚАРМАСЫ БАЙҒАНИН АУДАНЫНЫҢ  
БІЛІМ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ  
«РАУАН» БӨБЕКЖАЙ БАЛАБАҚШАСЫ »  
МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ ҚАЗЫНАЛЫҚ  
КӘСІПОРЫНЫ



ГОСУДАРСТВЕННОГО КОММУНАЛЬНОГО  
КАЗЕННОГО ПРЕДПРИЯТИЯ «ЯСЛИ-ДЕТСКИЙ  
САД» «РАУАН» ГОСУДАРСТВЕННОГО  
УЧРЕЖДЕНИЕ «ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ  
БАЙГАНИНСКОГО РАЙОНА УПРАВЛЕНИЯ  
ОБРАЗОВАНИЯ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ»

« 22 » ноябрь 2023 ЖЫЛ

№ 99

Қарауылкелді ауылы

Ақтөбе облысы білім саласында сапаны қамтамасыз ету  
департаментінің басшысы Г.А.Сарсенғаливаға

### ІЛЕСПЕ ХАТ

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Байғанин ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Рауан» бөбекжай-балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны 2023 жылғы 10-15 мамыр аралығындағы жүргізілген мемлекеттік аттестация қорытындысында анықталған кемшіліктердің орындалуын ұсынады.

Web-сайт: [http://sad-rauan.baiganin-roo.edu.kz/kz/?site\\_alias=sad-rauan](http://sad-rauan.baiganin-roo.edu.kz/kz/?site_alias=sad-rauan)

«Рауан» бөбекжай-балабақшасының меңгерушісі



Ж.Бөлекова